

Көшіп-келушілердің паспорттарын тіркеу, олардың жүріп-тұру, сондай-ақ шетелдіктердің болуы үшін жабық жекелеген жергілікті жерлерге (аумаққа) кіру, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен жүру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 135 және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 08-1-1-1/154 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 6 маусымда № 7698 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 9 қазандағы № 831 және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2015 жылғы 17 қарашадағы № 11-1-2/513 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 09.10.2015 № 831 және ҚР Сыртқы істер министрінің 17.11.2015 № 11-1-2/513 бірлескен бұйрығымен.

«Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңның 9-бабының 10) тармақшасына сәйкес және Көшіп-келушілердің паспорттарын тіркеу, олардың жүріп-тұру, сондай-ақ шетелдіктердің болуы үшін жабық жекелеген жергілікті жерлерге (аумаққа) кіру, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен жүру тәртібін айқындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Көшіп-келушілердің паспорттарын тіркеу, олардың жүріп-тұру, сондай-ақ шетелдіктердің болуы үшін жабық жекелеген жергілікті жерлерге (аумаққа) кіру, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен жүру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Консулдық қызмет департаментінің директоры, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі комитеттерінің төрағалары, департаменттері мен дербес басқармаларының, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және Көліктегі ішкі істер департаменттерінің бастықтары Қағидаларды басшылыққа қабылдасын және оның талаптарын мүлтіксіз орындауды қамтамасыз етсін.

3 . М ы н а д а й :

1) «Шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келу және онда болу, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан кету тәртіптерін қолдану және шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағындағы заңсыз көші-қонының

алдын алу және жолын кесу жөніндегі ішкі істер органдарының жедел-қызметтік жұмысын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі № 215, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2004 жылғы 14 сәуірдегі № 08-1/93, Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография агенттігі төрағасының 2004 жылғы 14 сәуірдегі № 35-П бірлескен бұйрығының (Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 2889 болып тіркелген);

2) «Шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келу және онда болу, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан кету тәртіптерін қолдану және шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағындағы заңсыз көші-қонының алдын алу және жолын кесу жөніндегі ішкі істер органдарының жедел-қызметтік жұмысын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі № 215, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2004 жылғы 14 сәуірдегі № 08-1/93, Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография агенттігі төрағасының 2004 жылғы 14 сәуірдегі № 35-П бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 25 мамырдағы № 216, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 18 маусымдағы № 08-1-1-1/186, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылғы 4 шілдедегі № 145-П бірлескен бұйрығының (Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 4851 болып тіркелген) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитеті мен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаментіне жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон полициясы комитеті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы бірлескен бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
_____Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі
_____Е. Қазыханов

2012 жылғы 23 ақпан
« К е л і с і л д і »

2012 жылғы 22 сәуір

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ұ л т т ы қ

қауіпсіздік

к о м и т е т і н і ң

т ө р а ғ а с ы

2012 жылғы

Қазақстан

Республикасы

Ішкі

істер

министрінің

2012

жылғы

7

наурыздағы

№ 135,

Қазақстан

Республикасы

Сыртқы

істер

министрінің

2012

жылғы

28

сәуірдегі

№ 08 - 1 - 1 - 1 / 154

бірілескен бұйрығымен бекітілген

Көшіп-келушілердің паспорттарын тіркеу, олардың жүріп-тұру, сондай-ақ шетелдіктердің болуы үшін жабық жекелеген жергілікті жерлерге (аумаққа) кіру, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен жүру қағидаларын бекіту туралы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Көшіп-келушілердің паспорттарын тіркеу, олардың жүріп-тұру, сондай-ақ шетелдіктердің болуы үшін жабық жекелеген жергілікті жерлерге (аумаққа) кіру, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен жүру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі, «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» 1995 жылғы 19 маусымдағы, «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы заңдарына, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес әзірленді.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Қағидаларда қамтылғаннан өзге ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың нормалары қолданылады.

Дипломаттық және қызметтік паспорттары бар, сондай-ақ Қазақстан Республикасына оның дипломаттық, қызметтік және инвесторлық санаттағы визаларымен келген немесе уәкілетті органнан «инвестор» мәртебесін растаған (визасыз болу режиміндегі елдер үшін), шетелдіктердің паспорттары тіркеуден босатылады.

2. Қазақстан Республикасында көшіп-келушілердің паспорттарын тіркеу тәртібі

3. Көшіп-келушілер мен азаматтығы жоқ адамдардың паспорттарын тіркеуді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өту пункттерінде ұлттық қауіпсіздік органдары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткеннен кейін күнтізбелік бес күн ішінде тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша ішкі істер органдары, сондай-ақ заңды тұлғалардан оларға келіп жатқан шетелдіктер туралы ақпарат алу арқылы жүзеге асырылады.

Тіркеу аудандық, қалалық немесе облыстық көші-қон полициясы бөліністерінде жүзеге асырылады, ол туралы тиісті өкім шығарылады.

4. Тіркеуді және оны ұзартуды ресімдеу құжаттарды берген күні жүзеге асырылады.

5. Миссионерлік қызметпен айналысатын, сондай-ақ қайырымдылық немесе гуманитарлық көмекпен келген шетелдіктер одан әрі діни қызмет саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның аумақтық бөлінісінде есепке алып тіркеу арқылы ішкі істер органдарында жалпы негіздерде тіркеледі.

6. Уақытша тұру үшін келген көшіп-келушілерді тіркеу кезінде көші-қон полициясы бөліністері ішкі істер органдарының басшылығы арқылы учаскелік полиция инспекторларына осы жергілікті жерде тұруға оларға рұқсат етілген мерзім туралы хабарлайды.

Егер көшіп-келушілердің рұқсат етілген болу мерзімі аяқталған соң тиісінше ұзартусыз кетпегені анықталса, учаскелік полиция инспекторы ол туралы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырып, одан әрі көші-қон полициясы бөлінісіне хабарлайды. Әкімшілік ықпал ету шараларын қабылдағаннан кейін учаскелік полиция инспекторы заң бұзушы-көшіп келушіні елді мекеннен шығаруды ұйымдастыруда көмек көрсетеді.

Көшіп-келушілердің болу мерзімі немесе оның жақын туыстарының ауыр науқасына, күтпеген жағдайларға байланысты көші-қон карточкасына белгі қойылған, растайтын құжаттардың негізінде ұзартылады.

7. Көшіп-келушілердің паспорттарын тіркеу үшін Қазақстан Республикасының визалары, ал Қазақстан Республикасына келу мен болудың визасыз тәртібі туралы шарт жасалған елдердің азаматтары үшін қабылдаушы заңды, жеке тұлғалардың немесе көшіп-келушінің өзінің арызы негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз жүрген көшіп-келушіні анықтаған кезде ішкі істер органдары қызметкерінің баянаты оны тіркеу үшін негіз болып табылады.

8. Тіркеуді ішкі істер органдарының лауазымды адамдары ресімдейді.

Көшіп-келушілердің паспорттарын тіркеуді есепке алу «Бүркіт» бірыңғай ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – «Бүркіт» БАЖ) және белгіленген нысандағы журналда (1-қосымша) жүргізіледі. Журнал бойынша реттік нөмірі тіркеу нөмірі
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Тіркеу оны ресімдеген қызметкердің қолымен және көші-қон полициясы бөлінісінің мөрімен куәландырылады.

9. Көшіп-келушілер қабылдаушы заңды немесе жеке тұлғаларға өз паспорттарын тапсырады, олар ішкі істер органдарында тіркегеннен кейін құжаттарды иелеріне қайтарады.

10. Тіркеу қабылдаушы заңды, жеке тұлғалардың немесе көшіп-келушінің өзінің арызында көрсетілген, бірақ визалардың әрекет ету мерзімінен аспайтын мерзімдерге ресімделеді. Тіркеу мерзімі көшіп-келуші паспорттарының әрекет ету мерзімінен аспауы керек.

Көпмәртелік визалары бар көшіп-келушілердің паспорттары Қазақстан Республикасында нақты болу мерзіміне тіркеледі.

Қазақстан Республикасымен келу мен болудың визасыз тәртібі туралы халықаралық шарттар жасалған елдерден Қазақстан Республикасына келген азаматтарды тіркеу отыз тәуліктен, ал Кеден одағына мүше мемлекеттердің азаматтары үшін тоқсан тәуліктен аспайтын мерзімге жүргізіледі, одан әрі осындай мерзімге ұзартылады.

11. Білім алу мақсатымен келген көшіп-келушілердің паспорттары бір оқу жылына тіркеледі.

12. Алты айдан асатын мерзімге келген көшіп-келушінің паспортын тіркеуді ресімдеу үшін қабылдаушы ұйымның белгіленген үлгідегі жазбаша өтініші (арызы) (2-қосымша) және фотосурет (33x43 мм) тапсырылады. Бұл ретте статистикалық есепке алу талондары, келу парақтары және есепке алу карточкалары (3-қосымша) толтырылады. Бір уақытта электронды тасымалдағыштарда деректер базасы құрылады.

Бұдан басқа, тіркеу еңбек қызметіне және таңдаған мамандығы бойынша оқу оқуға кедергі келтіретін ауруларының жоқ екенін растайтын медициналық анықтамалардың негізінде жүзеге асырылады.

Жұмысқа тіркеу кезінде еңбек келісім-шартының көшірмесі ұсынылады.

13. Көшіп-келуші өзінің Қазақстан Республикасындағы уақытша тұратын орнын ауыстырған кезде қабылдаушы заңды және жеке тұлға уақытша тұратын орнын ауыстырған күннен бастап үш күн ішінде ол туралы ішкі істер органдарына жазбаша хабарлайды.

Тұрақты және уақытша тұратын орнын ауыстырған жағдайда көшіп-келушілер үш күндік мерзімде қайта тіркеуден өтеді.

14. Көшіп-келушінің Қазақстан Республикасында болуына рұқсат етілген

мерзім және олардың паспорттары тіркеуінің әрекет ету мерзімі визалардың әрекет ету мерзімінің соңғы күні, ал визасыз тәртіппен келгендер үшін тіркеудің әрекет ету мерзімінің соңғы күні тоқтатылады.

15. Көшіп-келушілердің болу мерзімін ұзарту визалар беру және көшіп-келушілердің паспорттарын тіркеудің әрекет ету мерзімдерін ұзарту арқылы жүзеге асырылады.

16. Көшіп-келушілердің паспорттарын тіркеудің әрекет ету мерзімін ұзартуды ішкі істер органдарының лауазымды адамдары ресімдейді.

17. Көшіп-келушілердің Қазақстан Республикасында болу мерзімдерін ұзарту туралы шешім заңды және жеке адамдардың өтініштері негізінде көшіп-келушілердің тіркелген жері бойынша қабылданады.

3. Көшіп-келушілердің жүріп-тұру, сондай-ақ шетелдіктердің болуы үшін жабық жекелеген жергілікті жерлерге (аумаққа) кіру, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен жүру тәртібі

18. Көшіп-келушілер Қазақстан Республикасының шетелдіктердің баруы үшін ашық аумағы бойынша еркін жүріп-тұра алады.

19. Шетелдіктерді қабылдаушы заңды және жеке тұлғалар алдағы уақытта республиканың басқа өңірлеріне 10 күннен асатын мерзімге жол жүретіні туралы шығу пунктін, мерзімін және осы пунктте болатын мекенжайларды көрсете отырып, бұрынғы және жаңа болатын жердегі ішкі істер органдарына хабарлайды.

20. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы баратын елге әуе, темір жол, автомобиль және теңіз көлігімен транзитпен жол жүруіне оларда Қазақстан Республикасының транзиттік визалары, сондай-ақ үшінші елге кіру үшін жарамды және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан портқа, станцияға, аэровокзалға, автовокзалға келген сәтінен бастап бес тәуліктен аспайтын мерзім ішінде Қазақстан Республикасының аумағында көлік ауыстыру пунктінен кету күні көрсетілген тиісті жол жүру құжаттары (билеттері) болған кезде рұқсат етіледі.

Болжамды жүру бағыты Қазақстан Республикасының шетелдіктердің баруы үшін уақытша жабық аумағы арқылы өткен жағдайда, өту мәселесін ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісім бойынша ішкі істер органдары шешеді.

Шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамдар жүру бағытын өзгерту мәселесі бойынша өтініш білдірген кезде олар аумақтық ішкі істер органдарына қазақстандық транзиттік визасы бар паспортын және осындай қажеттілік туғызған себептерді, сондай-ақ жоспарланып отырған бағыты мен шығар

жолындағы тексеру-өткізу пунктін көрсете отырып, жазбаша арыз ұсынады.

21. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарымен транзитпен өтетін, оның ішінде халықаралық жүктерді автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар халықаралық автомобиль қатынастары үшін ашық жолдармен ғана жүреді.

22. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өтетін пойызбен жол жүретін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар пойыздар тоқтап тұрған кезде станцияларда шығу құқықтары бар. Оларға станциядан (перроннан және темір жол вокзалынан) тыс жерлерге шығуға рұқсат етілмейді.

23. Қазақстан Республикасының аумағынан транзитпен өтетін және онда 72 сағаттан астам уақыт аялдауға мәжбүр болған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар тоқтаған сәттен бастап бір тәулік ішінде ішкі істер органдарында Қазақстан Республикасында болуға рұқсат ресімдеуге міндетті. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағында мәжбүрлі аялдауын ресімдеу мынадай жағдайларда :

1) табиғи апаттар немесе пойыздың, автокөлік құралының, кемеңің немесе ұшақтың қозғалысына кедергі болатын өзге де себептер кезінде;

2) қандай да бір бөлшектерінің бұзылуы нәтижесінде зақымданған автокөлік құралын жөндеу үшін немесе жол-көлік оқиғасы болған кезде;

3) дәрігердің қорытындысы бойынша науқастың одан әрі жол жүруі оның денсаулығына қауіп төндіретін сырқаты болған жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда науқастың жанында оның отбасы мүшелері немесе онымен бірге келе жатқан адамдар болуы мүмкін;

4) тораптық пунктте бір көліктен екінші көлік түріне ауысып отыру кешіккен кезде жүзеге асырылуы мүмкін.

Мәжбүрлі аялдау шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға мәжбүрлі аялдауды туғызған себептерді жойғанға дейінгі уақытқа қаланың немесе елді мекеннің ішінде болуға ғана құқық береді.

24. Әуе немесе темір жол көлігінің қызметін пайдаланатын және мәжбүрлі аялдама жасаған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеуді көліктегі ішкі істер органдары не болмаса аумақтық ішкі істер органдары жүзеге асырады.

Мәжбүрлі аялдағанын ресімдеу үшін шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам ішкі істер органына аялдауға рұқсатты ресімдеу туралы жазбаша арыз береді.

25. Тіркеудің әрекет ету мерзімі мәжбүрлі аялдауды тудырған себептерді жою үшін қажетті уақытпен айқындалады.

Медициналық ұйымдарда емделіп жатқан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың паспорттарын тіркеу олар сол жерден шыққаннан кейін күнтізбелік бес күн ішінде ресімделеді. Олардың отбасы мүшелерінің немесе оларға ілесіп жүретін адамдардың паспорттарын тіркеу аялдауға мәжбүр болған сәттен бастап

бір тәулік ішінде медициналық ұйымның анықтамасында көрсетілген науқас шетелдікті емдеу үшін қажетті мерзімге ресімделеді.

26. Республика аумағында 72 сағаттан астам мерзімге аялдауға мәжбүр болған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасынан шығуына рұқсат ішкі істер органдарында транзиттік визасын ұ з а р т п а й б е р і л е д і .

27. Қазақстан Республикасының шетелдіктердің баруы үшін уақытша жабық аумақтарына шетелдіктер келген кезде қабылдаушы ұйымдар ішкі істер органдары арқылы оларға тиісті рұқсат-өткізу қағазын (4-қосымша) ресімдейді.

28. Қазақстан Республикасының шетелдіктердің баруы үшін уақытша жабық аумағына шетелдіктердің келуіне:

1) Қазақстан Республикасына қазақстандық қабылдаушы ұйымдардың шақырулары бойынша, сондай-ақ шетелдік дипломатиялық өкілдіктер, консулдық мекемелер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктері желісі арқылы келгендерге осы ұйымдардың жазбаша өтініштерінің негізінде;

2) жеке істері бойынша келгендерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратындарға олардың жеке өтініштерінің негізінде рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасына қабылдаушы ұйымдардың желісі және жеке істері бойынша келгендерге Қазақстан Республикасының шетелдіктердің болуы үшін уақытша жабық аумағына баруға рұқсат (рұқсат қағазы) жазбаша өтініштер келіп түскен сәттен бастап күнтізбелік 20 күн ішінде осы аудандарда болу мерзімдері көрсетіле отырып беріледі. Құжат арқылы расталған жедел жағдайларда (туысқандарының өлімі, ауыр науқасы) рұқсаттар одан әрі ұлттық қауіпсіздік органдарына хабарлана отырып, дереу беріледі.

29. Жеке немесе қызметтік автокөлікпен жүретін, сондай-ақ халықаралық автомобиль тасымалдауларын жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар шетелдіктердің болуы үшін ашық аумақта автомобиль жолдарымен еркін жүре алады. Олардың шетелдіктердің болуы үшін жабық аумақтан өтетін автокөлік жолдары арқылы жүріп-өтуі ұлттық қауіпсіздік органдарының келісімі бойынша ішкі істер органдарының рұқсатымен жүзеге асырылады.

30. Рұқсат бір адамға беріледі. Ата-аналарымен немесе оларға ілесіп жүретін адамдармен жабық аумаққа шығатын 16 жасқа дейінгі балалар туралы мәліметтер сол адамдардың рұқсат қағаздарына жазылады.

31. Жабық аумаққа кіретін адамдар баратын жеріне келгеннен кейін үш күндік мерзімде ішкі істер органына немесе жергілікті билік органдарында т і р к е л у г е м і н д е т т і .

32. Жабық аумаққа кіруге рұқсат пен рұқсат қағазы белгілі бір елді мекенге беріледі. Тиісті өтініш хат болған жағдайда олар жабық аумақтың бірнеше елді мекеніне кіру үшін беріледі.

33. Егер жабық аумаққа баратын көшіп-келушілер жолда кешігіп, олардың рұқсат қағаздарының мерзімі өтіп кеткен жағдайда, осындай адамдар өтініш білдіретін ішкі істер органдары ұсынылған құжаттарды тексерген соң олардың әрекет ету мерзімін ұзартады. Бұл туралы елтаңбалық мөр қойылып, рұқсат қағазының артқы бетіне жазба жасалады.

34. Азаматтар жоғалтып алған рұқсат қағаздарының орнына оларды тиісті ішкі істер органы бергені расталғаннан кейін жаңасы беріледі.

35. Жабық аумаққа кіретін көшіп-келушілер ішкі істер органдарының және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің есептері бойынша тексеріледі.

Жабық аумаққа өз бетімен, сондай-ақ ата-аналарымен немесе оларға ілесіп жүретін адамдармен бірге баратын, 16 жасқа толмаған балалар жедел есептер бойынша тексерілмейді.

36. Жабық аумаққа келуге рұқсаттар мен рұқсат қағаздар беру немесе беруден бас тарту, сондай-ақ рұқсаттың әрекет ету мерзімін ұзарту туралы шешімді тексеру материалдарының негізінде ІД Көші-қон полициясы басқармасының бастықтары, ішкі істер органдарының бастықтары немесе олардың орынбасарлары қабылдайды.

Рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда азаматтарға үш жұмыс күні ішінде ол туралы хабарланады.

37. Рұқсат алу үшін көшіп-келушілер ішкі істер органдарына өздері келеді. Оларға рұқсат жабық аумаққа кіруге берілген рұқсат пен рұқсат қағаздарын есепке алу кітабына (5-қосымша) қол қоя отырып, жеке басын куәландыратын құжаттарын тексергеннен кейін беріледі.

Рұқсатты беру кезінде оларды ресімдейтін ішкі істер органдарының қызметкерлері рұқсаттың артқы бетінде жазылған ескертпе мен таныстырады. Алушы ескертпе мен танысу фактін рұқсаттың артқы бетіне өз қолын қою арқылы растайды.

38. Рұқсаттар күлгін, қара, көк сиялармен (пастамен) толтырылады немесе жазу машиналарында басылады, ІД, ҚАІБ(б) көші-қон полициясы бөліністерінің бастықтары қол қояды.

Қол қойылған рұқсаттар елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

39. Рұқсаттар ұқыпты, анық, жазуларын қысқартпай, түзетулерсіз толтырылуы керек, бұл ретте:

а) «Келу» деген жолда нақты келген уақыты мен елді мекеннің атауы көрсетіледі;

в) «онымен бірге 16 жасқа толмаған балалары» деген жолда, егер олар ата-анасымен бірге болмаса, «жоқ» деп көрсетіледі.

г) «Құжатын көрсеткенде жарамды» деген жолда жеке басты куәландыратын құжаттар (көшіп-келушінің жеке басын куәландыратын құжат, туу туралы куәлік

) к ө р с е т і л е д і ;

д) «Рұқсаттың жарамдылық мерзімі» деген жолда жабық аумақта уақытша болу үшін қажетті мерзім көрсетіледі.

40. Жабық аумаққа келген көшіп-келушілер рұқсатта көрсетілген елді мекендер мен аудандар шегінде ғана тұруға құқылы.

Көшіп-келушілердің паспорттарын тіркеу, олардың жүріп-тұру, сондай-ақ шетелдіктердің болуы үшін жабық жекелеген жергілікті жерлерге (аумаққа) кіру, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен жүру қағидаларына 1-қосымша
Нысан

Көшіп-келушілердің паспорттарын ішкі істер органдарында тіркеуді есепке алу журналы

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні	Жынысы	Азаматтығы	Паспортының нөмірі	Құжаттың түрі	Берілген күні	Дейін жарамды	Ұлты
	Тегі, аты-жөні дәл паспортта көрсетілгендей л а т ы н әріптерімен енгізіледі	Туған күні, айы мен жылы көрсетіледі	Сөздіктен тиісті м ә н таңдап алынады (е р немесе әйел)	Сөздіктен тиісті азаматтық таңдап алынады	Құжаттың сериясы л а т ы н әріптерімен және нөмірі көрсетіледі	Сөздіктен тиісті құжат түрі (дипломаттық , ұжымдық, ұлттық және т.б.) таңдап алынады	Құжатты берген күн , ай және ж ы л көрсетіледі	Құжаттың әрекет ету мерзімі аяқталған күн, ай және жыл көрсетіледі	Сөздік тиісті таңдап алына,
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

Тіркеу нөмірі	Тіркеген орган	Тіркелген күні	Тіркеу мерзімі	Қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты	Қазақстан Республикасына келу мақсаты		Атауы	Ж е к сәйкес нөмір
Шетелдікті тіркеу	Шетелдікті тіркеуді жүзеге	Шетелдік тіркелген	Визаның аяқталған	Шетелдікті тіркеуді жүзеге асырған	Қазақстан Республикасына	Қабылдаушы тарап	Қабылдаушы ұйымның	

нөмірі көрсетіледі	асырған орган	к ү н көрсетіледі	к ү н і көрсетіледі	қызметкердің Т.А.Ә. көрсетіледі	келу мақсаты көрсетіледі		толық атауы көрсетіледі	Ж С І көрсетіледі
12	13	14	15	16	17	18	19	20

кестенің жалғасы

Меншік нысаны	Мемлекеттік тиесілігі	Тіркеу туралы куәлік	Статистикалық карточканың нөмірі	Лицензияның нөмірі	Мекенжай	Ұйымның қысқаша сипаттамасы
Сөздіктен ұйымның тиісті меншік нысаны таңдап алынады	Сөздіктен тиісті мемлекеттік тиесілік таңдап алынады	Ұйымды тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен к ү н і көрсетіледі	Статистикалық карточканың нөмірі көрсетіледі	Берілген лицензияның нөмірі көрсетіледі	Ұйымның мекенжайы көрсетіледі	Ұйым туралы қызмет ерекшелігі) қосымша ақпарат көрсетіледі
22	23	24	25	26	27	28

кестенің жалғасы

	Көшіп-келушілердің жұмыс орны		Тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні	Жынысы	Азаматтығы	Негізгі құжаттың түрі	Н па не
Шақырулар	Көшіп-келушілердің шет елдердегі және Қазақстан Республикасындағы жұмыс орны	Қабылдаушы адам	Тегі, аты-жөні дәл паспортта көрсетілгендей л а т ы н әріптерімен енгізіледі	Туған күні, айы мен жылы көрсетіледі	Сөздіктен тиісті м ә н таңдап алынады (е р немесе әйел)	Сөздіктен тиісті азаматтық таңдап алынады	Құжаттың сериясы латын әріптерімен және нөмірі көрсетіледі	С ти тү ді , үл т.а ал
29	30	31	32	33	34	35	36	37

кестенің жалғасы

Негізгі құжаттың берілген күні	Негізгі құжаттың әрекет ету мерзімі	Ж е к е сәйкестендіру нөмірі	Ұлты	Туған жері		Дейін ұзартылды	Қызметкерд тегі, аты, әкесінің аты
	Құжаттың әрекет ету мерзімі аяқталған күн, ай			Тиісті туған ж е р і көрсетіледі (	Тіркеуді ұзарту	Шетелдіктің к е л у мерзімінің	Шетелдіктің келу мерзім ұзартқан

Құжатты берген күн, ай және жыл көрсетіледі	және жыл көрсетіледі	Ж С Н көрсетіледі	Сөздіктен тиісті ұлт таңдап алынады	қала, облыс, аудан, ауыл)		аяқталған күні көрсетіледі	қызметкерді Т.А.Ә.
38	39	40	41	42	43	44	45

кестенің жалғасы

Мемлекет, провинция	Елді мекен	Көше, шағын аудан	Корпус	Үй	Пәтер	Телефондары
Сөздіктен шетелдік тұрмақшы болған мемлекет (Қазақстан) таңдап алынады	Шетелдік тұрмақшы болған елді мекен көрсетіледі	Шетелдік тұрмақшы болған көшенің, шағын ауданның атауы көрсетіледі	Шетелдік тұрмақшы болған тиісті корпус болған жағдайда) көрсетіледі	Шетелдік тұрмақшы болған (үйдің нөмірі көрсетіледі	Шетелдік тұрмақшы болған пәтердің нөмірі көрсетіледі	Байланыс телефондарының нөмірлері көрсетіледі
46	47	48	49	50	51	52

кестенің жалғасы

Қазақстан Республикасында тұратын мекенжайы	Электрондық пошта	Пошта индексі	Ескертпе
	Электрондық пошта мекенжайы болған жағдайда) көрсетіледі	Пошта индексі көрсетіледі	Басқа ақпараттық жолдарда көрініс таппаған қолда бар ақпарат көрсетіледі (Қазақстан Республикасында болжамды тұрғылықты жеріне қатысты: бронь жасалған қонақ үй және т.с.с.)
53	54	55	56

Көшіп-келушілердің паспорттарын тіркеу, олардың жүріп-тұру, сондай-ақ шетелдіктердің болуы үшін жабық жекелеген жергілікті жерлерге (аумаққа) кіру, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен жүру қағидаларына 2-қосымша Нысан

Қабылдаушы ұйымның жазбаша арызының (өтінішінің) үлгісі (ұйымның бланкісі)

_____ облысы

А л м а т ы

К ө ш і - қ о н

б а с қ а р м а с ы н ы ң

қ а л а л а р ы)

(А с т а н а ,

І І Д

п о л и ц и я с ы

б а с т ы ғы

_____ атағы (Т.А.Ә.)

_____ (ұйымның атауы, Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркеу № мен күні, СТН, БСН, мекенжайы, қызмет ерекшелігі) _____ дан _____ дейін

_____ (тәжірибемен алмасу, тағылымдама, туризм, оқу) _____ мақсатында келген шетелдіктер*:

1. _____ (тегі, аты, азаматтығы, паспорт)
2. _____
3. _____
4. _____ паспорттарын тіркеуді сұрайды.

_____ мекенжайы бойынша тұрады.
Ұ й ы м н ы ң м ө р і

Ұйымның басшысы _____

(тегі, аты-жөні, қолы)

* Көшіп-келушілердің паспорттарының көшірмелері қоса беріледі.

Көшіп-келушілердің _____ паспорттарын
тіркеу, олардың жүріп-тұру, сондай-ақ
шетелдіктердің болуы үшін жабық
жекелеген жергілікті жерлерге
(аумаққа) кіру, шетелдіктер мен
азаматтығы жоқ адамдардың
Қазақстан Республикасының аумағы
бойынша транзитпен жүру қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Көшіп-келушіні

есепке алу карточкасы

1. Тегі, аты, әкесінің аты:
2. Ж ы н ы с ы :
3. Т у ғ а н күні:
4. П а с п о р т т ы ң нөмірі:
5. А з а м а т т ы ғ ы :
6. К е л у мақсаты:
7. Т і р к е л г е н орны:
8. Ж ұ м ы с , о қ у орны:
9. Тәртіп бұзу сипаты (болған жағдайда):
10. Тәртіп бұзушылықты кім анықтады (болған жағдайда):
11. Тәртіп бұзушылықтың уақыты (болған жағдайда):
12. Шешім қабылданды (болған жағдайда):
13. Шешім қабылдаған ІБ (болған жағдайда):
14. Ш е ш і м қабылданған күн:
15. Карточка толтырылған күн:

Карточканың өлшемі 205 х 145 миллиметр

Е с к е р т п е :

№ 8 деректеме – «Жұмыс, оқу орны» (министрліктің, ведомствоның, ұйым мен нақты оқу орнының қысқартылған атауы көрсетіледі).

№ 9 деректеме – «Тәртіп бұзушылық сипаты» («Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес кө р с е т і л е д і) .

№ 12 деректеме – «Қабылданған шешім»:

- 1) е с к е р т у ;
- 2) болу мерзімі қысқартылды;
- 3) айыппұл (сомасы теңгеде);
- 4) е л д е н ш ы ғ а р у ;
- 5) қылмыстық іс қозғалды;

б) айдауылмен елден шығару.

Көшіп-келушілердің паспорттарын
тіркеу, олардың жүріп-тұру, сондай-ақ
шетелдіктердің болуы үшін жабық
жекелеген жергілікті жерлерге
(аумаққа) кіру, шетелдіктер мен
азаматтығы жоқ адамдардың

Қазақстан Республикасының аумағы
бойынша транзитпен жүру қағидаларына
4-қосымша
Нысан

РҰҚСАТ ҚАҒАЗ

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі (елтаңба)

Азамат _____

(тегі, аты, әкесінің аты және туған күні)

_____ (облыс) (қаланың, ауылдың нақты атауы және бұл мекен (ішкі істер органның атауы) қай облыстың құрамына кіреді)

20____жылғы «__»_____ келуге рұқсат беріледі. Сапардың мақсаты _____

Өзімен бірге 16 жасқа толмаған балалары _____

_____ (әрбір баланың аты, жасы көрсетіледі)

_____ құжатты көрсеткен кезде жарамды
(құжаттың сериясы мен нөмірі, кім, қашан берілген)

Рұқсаттың әрекет ету мерзімі _____

Бастық _____

Сыртқы беті

ЕСКЕРТПЕ

1. Рұқсат онда көрсетілген елді мекенге кіру құқығын береді.
2. Рұқсатта көрсетілген жерге келген адам келген сәтінен бастап үш күндік мерзімде рұқсатты және паспортын тіркеу үшін жауапты адамға (жатақхананың комендантына, қонақ үйдің, санаторийдің, демалыс үйінің әкімшілігіне немесе оған арнайы уәкілеттік берілген адамға) ішкі істер органына тіркеуге ұсыну үшін тапсыруға міндетті.
3. Рұқсатты жоғалтқан кезде болу жеріне жақын ішкі істер органына дереу хабарлануы тиіс.
4. Рұқсатты алған, бірақ қандай да бір себептер бойынша онда көрсетілген елді мекенге шықпаған адам оны ішкі істер органына тапсыруға міндетті.
5. Жабық аумаққа кіру қағидаларын, сондай-ақ онда тұру немесе тіркеу қағидаларын бұзу заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады.

Қағидалармен таныстым _____
 (қолы)
 Көшіп-келушілердің паспорттарын
 тіркеу, олардың жүріп-тұру, сондай-ақ
 шетелдіктердің болуы үшін жабық
 жекелеген жергілікті жерлерге
 (аумаққа) кіру, шетелдіктер мен
 азаматтығы жоқ адамдардың
 Қазақстан Республикасының аумағы
 бойынша транзитпен жүру қағидаларына
 5-қосымша
 Нысан

Жабық аумаққа кіруге берілген рұқсат қағаздарын есепке алу кітабы

№	Рұқсат қағаз		Рұқсат қағаздың берілген күні	Шақыру қашан келіп түсті және қандай қабылдаушы адамнан	Тегі, аты, әкесінің аты	Рұқсат қағазының әрекет ету мерзімі	Рұқсат қағаз қайда берілген	Алғаны туралы қолхат	Рұқсат қағазды қайтару туралы белгі
	Сериясы	Нөмірі							
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10